

Е.С.Бозғұлов атындағы
№ 249 мектеп-лицей
логопедінің 2024-2025
оқу жылында атқарған
жұмыстары туралы
АНЫҚТАМА

Е.С.Бозгұлов атындағы №249 мектеп –лицей логопедінің 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы

АНЫҚТАМА

2024-2025 оқу жылының I тоқсан бойынша мектеп-лицей логопеді төмендегідей қызметтер атқарды:

- ✓ Жаңа оқу жылында логопедтік сабақтарға 17 бала қабылданды. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бар 9 оқушы, ата-аналар өтінішімен 8 оқушы қабылданды.
- ✓ Тізім жасақталған соң, оқушыларға диагностикалық тексеру жүргізіліп, сөйлеу картасы толтырылды.
- ✓ Оқушыларды бақылау мақсатында сабақтарына қатысылды. Оқушыларды сабақта бақылау хаттамасы толтырылды.
- ✓ Логопедтің жылдық жоспары жасалып, бекітілді. Логопед маманның көмегін қажет ететін оқушылармен жүргізілетін жеке және топтық сабақ кестесі жасалып, мектеп-лицей директорымен бекітілді. Оқушылардың логопед сабағына қатысуын тіркеу журналы бекітіліп, толтырылып отырды.
- ✓ 17 оқушының әлеуметтік жағдайы зерттеліп, мәлімет жинақталды.
- ✓ Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы-5 оқушы
- ✓ Дислалия-8 оқушы
- ✓ Тұтықпа-4 оқушы
- ✓ Түзету жұмысы жоспарға сәйкес тілдік моториканы қалыптастыру және дамыту; просодикалық элементтерді дамыту; дыбыстау бұзылыстарын түзету; фонематикалық қабылдауды қалыптастыру және дамыту; сөйлеу тілінің кемшіліктерін жою және лексико-грамматикалық жағын жетілдіруді қамтиды.
- ✓ Тілдің грамматикалық құрылымын арттыра отырып сөздік қорларын молайту. Ойлау, есту, есте сақтау қабілетін дамыта отырып, дыбыстарды дұрыс айтуға және өзін - өзі қадағалауға дағдыландыру.
- ✓ Дыбыстарды буында, сөзде дұрыс айтуға машықтандыру арқылы сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін, бейнелі суреттер бойынша тілдің грамматикалық құрылымын дамыту. Сұрақты тыңдай білуге, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.
- ✓ Дыбыстарды буында, сөздерде анық, таза айтуға үйрету.
- ✓ Зейінін, есте сақтау, елестету, фонематикалық есту қабілеттерін дамыту.
- ✓ Артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығуларын, мимикалық, сергіту сәттерінің дұрыс орындалуын қалыптастыру. Танымдық қабілеттерін арттыру.

- ✓ Ұсақ моторикасын жақсарту. Сөйлеу тілі бұзылған балаларды шығару, оларда сөйлеу дамуындағы кемістіктері жойылуына қарай оқу жылының кез келген мерзімінде жүзеге асырылады.
- ✓ Ата-аналармен жеке кездесулер өткізіліп, балалардың сөйлеу тілі қорытындысымен таныстырылды. Жеке сұхбат жүргізілді. Анамнез жасақталып, қажетті мәліметтер жинақталды.
- ✓ Ата-аналардан сауалнама алынды. Келісім парағы толтырылды.
- ✓ Сынып жетекшілерді оқушыларының сөйлеу тілі қорытындысымен таныстырылып, түсіндірілді.
- ✓ Ата-аналарға «Артикуляциялық жаттығулар-сөйлеу тілін түзетудің басты құралы» тақырыбында үлестірмелі материалдар таратылды.
- ✓ Сұраныс бойынша ата-аналарға кеңес берілді.

№ 249 мектеп-лицей логопеді:  К.Бимурзаева